

Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (MMWG) 7-ші отырысының хаттамасы

2020 жылғы 10 қараша, БКБ форматында

2020 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (ҚҚБ), Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының көрсеткіштері жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) 7-ші отырысы онлайн форматында өтті.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мына мәселелер талқыланды:

- I. Жұмыс тобының 6-шы отырысының нарықтағы соңғы оқиғалардың TONIA индикаторына әсерін мониторингтеу жөніндегі ұсынымына сүйене отырып, ҚҚБ және ЕҚБД өтімділіктің қосымша аралығының және автоматты репо құралын бөлудің орталық контрагентпен (ОК) репоға және TONIA индикаторын қалыптастыруға арналған гросс есептеулері бар репоға әсері туралы презентациялар ұсынды.**
 1. 2020 жылғы 3 тамыздан бастап ҚҚБ жаңа сауда жүйесінде репо нарығын ОК-мен репо-ға және гросс есептеулермен репо-ға бөле отырып мәмілелер жүргізеді. МБҚ қоржыны бар авторепо нарығындағы операцияларды талдау 3 тамыз - 26 қазан аралығындағы кезеңде ОК-мен жасалған мәмілелер көлемі гросс есептеулермен жасалған мәмілелердің көлемінен едәуір асып түскенін көрсетті.
 2. Бүгінгі таңда TONIA индикаторы әрбір мәміледен кейін нақты уақыт режимінде барлық авторепо мәмілелерінің өлшемдері негізінде ОК-ны пайдалана отырып, МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен бір күн мерзімге есептеледі.
- II. ЕҚДБ нарықтағы соңғы оқиғалар аясында TONIA индикаторын есептеу әдіснамасына ұсынылған өзгерістер бойынша қолайлы нұсқаны айқындау үшін отырыс алдында нарық қатысушыларына бағытталған пікіртерімнің нәтижелерін ұсынды.**

ЕДБ-нің реформаланған TONIA индикаторына қатысты сауалнамаға берген жауаптарының негізінде Жұмыс тобына қатысушылар көпшілігінің дауыс беруімен мынадай шешім қабылданды:

 1. ОК-мен де, гросс есептеулермен де репо мәмілелерін TONIA индикаторын қалыптастыру кезінде оңтайлы транзакция ретінде пайдалану.
 2. TONIA индикаторы үшін мына fall-back тетігін айқындау: егер TONIA индикаторын қалыптастыратын оңтайлы транзакциялар көлемі 100 миллиард теңгеден аз болса, TONIA индикаторы ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі қосу алдыңғы бес күн жарияланымдар үшін ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне TONIA спредінің орташа мәні ретінде есептелетін болады.

3. 2020 жылғы 28 желтоқсаннан бастап TONIA реформаланған индикаторын есептеудің жаңартылған әдіснамасына көшу.

III. MMWG кездесуі барысында тараптар мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Өзгерістер енгізу қажеттілігі тұрғысынан TONIA индикаторын есептеу әдіснамасын талдауды жалғастыру.
2. Банкаралық нарықты дамыту және пайыздық мөлшерлемені хеджирлеу құралдарын пайдалану мәселелерін пысықтау.

IV. MMWG кезекті отырысын өткізу туралы.

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2021 жылғы 1 тоқсанда өткізуге уағдаласты.

Келесі кездесуді өткізудің нақты мерзімі мен орны қосымша келісілетін болады.